



БҰЙРЫҚ

08 11 2021 ж

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 13/2 - 18 - 647 - Н/Ж

город Актөбе

**Диссертациялық кеңес отырысының күнін,
ресми рецензенттер мен диссертациялық
кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау туралы**

Қалыпты физиология кафедрасының доценті, Ғылыми хатшы А.Аманжолқызының 2021 жылғы 08 қарашадағы №101/3960 қызметтік жазбасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ 6D110100 «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңестің жұмысына байланысты «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» саясат және денсаулық сақтауды ұйымдастыру кафедрасының аға оқытушысы, кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары **Балмуханова Алтынай Максатовнаның** «Бүйректің созылмалы ауруы бар балалардағы 23 (FGF-23) фибробласттардың өсу факторының клиникалық-диагностикалық маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау үшін 2021 жылғы 08 желтоқсан сағат 15:00 қорғау күні болып бекітілсін:

Ғылыми кеңесшілер:

- **Қабулбаев Кайрат Абдуллаевич** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ нефрология кафедрасының профессоры (Алматы қаласы);

- **Қанатбаева Асия Бакишевна** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» балалар жұқпалы аурулары курсымен педиатриялық пәндер кафедрасының профессоры (Алматы қаласы).

Шетелдік ғылыми кеңесші:

- **Narika Alpay** – MD, PhD, профессор, «Marmara University» балалар неврология кафедрасының жетекшісі (Стамбул, Түркия Республикасы).

2. Докторлық диссертацияны қорғауға байланысты ресми рецензенттері бекітілсін:

- **Дюсенова Сандугаш Болатовна** - медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ педиатрия және неонатология кафедрасының профессоры (Қарағанды қаласы, келісім бойынша);

- **Досимов Жумабек** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ №2 балалар аурулар кафедрасының профессоры (Ақтөбе қаласы, келісім бойынша).

3. Докторлық диссертацияны қорғауға байланысты диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері бекітілсін:

- **Туганбекова Салтанат Кенесовна** - медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Ұлттық ғылыми медициналық орталығы» АҚ, «Астана медициналық университеті» КеАҚ ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қаласы, келісім бойынша).

- **Беркинбаев Салим Фахатович** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ кардиология кафедрасының меңгерушісі (Алматы қаласы, келісім бойынша).

- **Тусупкалиев Балаш** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, неонатологиямен №1 балалар аурулары кафедрасының профессоры (Ақтөбе қаласы, келісім бойынша);

- **Neşe Viyikli** – PhD, қауымдастырылған профессор, «Anadolu» медицина орталығы (Стамбул, Түркия Республикасы, келісім бойынша).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау стратегиялық даму, ғылым және халықаралық серіктестік жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі С.С.Сапарбаевқа жүктелсін.

Негіздеме: қызметтік жазба.

Басқарма Төрағасы-Ректордың м.а.

 **Э.Исмагулова**